



**«Бекітемін»  
«Жұқтырылған иммун тапшылығы  
синдромына (ЖИТС) қарсы күрес  
және алдын алу орталығы» ШЖҚ  
КМК директоры:**

**Б.З.Газизов.**

**« 1 » ақпан 2021 ж.**

**Сайтта жариялау үшін денсаулық сақтау ұйымының қызметі туралы  
жылдық есептің үлгі нысаны**

**«Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес  
және алдын алу орталығы» ШЖҚ КМК**

**2020 жылдың**

**Атырау қаласы. 2021 жыл**

## **МАЗМҰНЫ**

### **Бөлім 1. КӘСІПОРЫН ТУРАЛЫ**

- 1.1. Ұйымның қысқаша сипаттамасы, қызметтің негізгі бағыттары, медициналық қызметтердің түрлері, таралуы, 2020 жыл санымен.
- 1.2. Стратегиялық мақсаттар
- 1.3. Даму стратегиясы
- 1.4. Стратегиялық бағыттар

### **Бөлім 2. КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ**

- 2.1. Қызметтің түйінді көрсеткіштері

### **Бөлім 3. БАСҚАРУ МЕНЕДЖМЕНТІ**

- 3.1. Қаржы ресурстары
- 3.2. Ақылы қызметтер туралы

### **Бөлім 4. ПАЦИЕНТТЕР**

- 4.1. Пациенттердің медициналық ұйымның қызметтеріне қанағаттануы. Шағымдармен жұмыс.
- 4.2. Пациенттердің қауіпсіздігі
- 4.3. Тәуекелдерді басқару

### **Бөлім 5. Кадрлар. ПЕРСОНАЛДЫ ҢНТАЛАНДЫРУ МЕН ДАМЫТУДЫҢ КЕШЕНДІ ЖҮЙЕСІ**

- 5.1. HR-менеджменттің тиімділігі: медицина мамандарын оқыту және қайта даярлау.
- 5.2. Материалдық емес уәждеме, оның ішінде әлеуетті арттыру
- 5.4. Тәуекелдерді басқару

## **1 бөлім. КӘСІПОРЫН ТУРАЛЫ**

### **1.1 Ұйымның қысқаша сипаттамасы**

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы 1989 жылы 30 қазанда Атырау облысында "Облыстық ЖИТС орталығын құру туралы" №1461 бұйрықпен ЖИТС орталығын ашты.

2014 жылғы қыркүйекте әлеуметтік міндеттемелер шеңберінде НСРОС консорциумы ЖИТС орталығының жаңа 3 қабатты заманауи мамандандырылған ғимаратын салды.

2018 жылы наурыз айында кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығына ауыстырылды.

#### ***Қызметтің негізгі бағыттары:***

- өңірде АИТВ жұқпасына эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру;
- АИТВ инфекциясының таралу қарқынының алдын алуға және төмендетуге бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және өткізу;
- АИТВ жұқтырғандарды және ЖИТС науқастарды білікті, мамандандырылған медициналық көмекпен қамтамасыз ету;

#### ***Ұсынылатын медициналық қызмет түрлері:***

- АИТВ инфекциясымен өмір сүретін адамдарға (АӨА) медициналық қызмет көрсету, ПТР, иммунологиялық, серологиялық, клиникалық - биохимиялық зерттеулер жүргізу;
- халықты АИТВ инфекциясына тексеру;
- халықтың негізгі топтарына медициналық қызмет көрсету, ЖЖБИ, ВГ және С тексеру, экспресс-тестілеу;

#### ***Таралуы:***

В 15-тен 49 жасқа дейінгі жас тобында АИТВ-инфекциясының таралуын ұстап тұру 0,2% -0,6% шегінде, 2020 жылдың соңында 0,1 құрады.

#### ***2020 жыл сандық көрсеткішпен:***

- \* Диспансерлік есепте тұрған АӨА саны-243
- \* Антитривирустық ем алатын АӨА саны -204
- \* Психоәлеуметтік кеңес алған халықтың саны-8807
- \* АИТВ инфекциясына зертханалық зерттеулер саны-84435
- \* Келушілер саны-12259
- \* Бір жылда анықталған АИТВ жұқтырған адамдардың саны -28
- \* 2020 жылдың соңына қызметкерлердің штаттық саны-87,5, оның ішінде:
  - медициналық персонал-49 (23врач, 22СМП, 4 ММП)
  - әкімшілік-шаруашылық және басқа қызметкерлер-38,5.

### **1.2 Стратегиялық мақсаттар:**

"Жеделдету Стратегиясының" негізгі элементтерінің бірі- 2014 жылы ЮНЕЙДЕС жариялаған ЖҚТБ індетін тоқтатуға бағытталған биік мақсат - 90-90-90. Бұл мынаны көздейді: АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың 90% - ы өз мәртебесін білетін болады. АИТВ диагнозы бар барлық пациенттердің 90% - ы антитривирустық терапияны алады. Антитривирустық ем қабылдайтын барлық пациенттердің 90% - ында басылған



вирустық жүктеме болады, яғни қандағы вирустың мөлшері "Анықталмайтын" болады, бұл АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға вирусты басқа адамдарға бермеуге және өмір сүру ұзақтығы мен сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

|  |  |  |
|--|--|--|
| АИТВ –мен өмір сүретін адамдардың <b>90 %</b> өздерінің АИТВ мәртебесін білетін болады | АИТВ диагнозы бар <b>90%</b> пациенттерге антиретровирустық терапия тағайындалады. | антиретровирустық ем қабылдайтын барлық емделушілердің <b>90 %-да</b> басылық вирустық жүктемеге қол жеткізіледі |
| <b>2020 жылға орындалуы</b>  |  |  |
| <b>93%</b>   | <b>84%</b>   | <b>84%</b>   |

### 1.3 Даму стратегиясы

Ұйым 3 стратегиялық бағыт бойынша жұмыс істейді:

#### 1. Сапалы медициналық қызметтердің қолжетімділігін жақсарту;

1-мақсат: пациентке бағдарланған медициналық көмек көрсету жүйесін құру.

2-мақсат: Атырау облысында медициналық қызметтердің жетекші жеткізушісі болу.

#### 2. Ұйымдарда кадрлық әлеуетті дамыту

1 мақсат: Денсаулық сақтау стандарттары бойынша мамандандырылған көмек көрсету дайындығы бар жоғары білікті мамандардан пул қалыптастыру

#### 3. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы

1-мақсат: Қызметті адекватты (сайма-сай) қаржыландыру

### 1.4. Стратегиялық бағыттар

\* халықтың негізгі топтары арасында АИТВ инфекциясының алдын алу;

\* АИТВ инфекциясына тестілеу;

\* антиретровирустық терапия;

## 2 бөлім. КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ

### 2.1. Қызметтің түйінді көрсеткіштері

1-мақсат: стандарттар бойынша қызметке дайындалған жоғары білікті мамандардан пул қалыптастыру

#### Көрсеткіштер

| № п/п | Атауы   | Жоспар               | 2019 жылғы дерек | 2020 жылғы дерек | Жетістіктер туралы мәліметтер |
|-------|---|----------------------|------------------|------------------|-------------------------------|
| 1     | Оқытудан / біліктілікті арттырудан өткен персоналдың үлесі  | Кем дегенде 25%      | 100%             | 66,6%            | Орындалды                     |
| 2.    | Дәрігердің орташа айлық жалақысының аймақ экономикасындағы орташа айлық номиналды жалақыға қатынасы 1,5-ке тең немесе одан жоғары | кем дегенде 0,60     | 0,7              | 0,7              | Орындалды                     |
| 3.    | Кадрлардың тұрақтамауы  | 10% - дан артық емес | 9,1%             | 13,5%            | Артып кету                    |
| 4     | Медицина персоналының толықтырылу деңгейі   | кемінде 85%          | 96%              | 82,6%            | Орындалды                     |

**Ескертпе:**

3-тармақ бойынша артып кету себебі :

2 дәрігер зертханашы құрметті демалысқа (зейнеткерлікке) кетті, ОДСБ бұйрығына сәйкес Орталық басшысы басқа ЕСМ-не ауысты, 1 дәрігер -эпидемиолог магистратураға оқуға түсті.

**2-мақсат: Пациентке бағдарланған медициналық көмек көрсету жүйесін құру.**

Осы стратегиялық мақсат шеңберінде негізгі міндеттер бойынша жүргізілген іс шаралардың нәтижесінде 3 көрсеткіштің 3-де қол жеткізу байқалады. Қол жеткізілмеген көрсеткіш жоқ.

**Көрсеткіштер**

| № п/п | Атауы                           | Жоспар        | 2019 жылғы дерек | 2020 жылғы дерек | Жетістіктер туралы мәліметтер |
|-------|---------------------------------|---------------|------------------|------------------|-------------------------------|
| 1.    | Пациенттердің қанағаттануы      | 100%          | 100%             | 100%             | Орындалды                     |
| 2.    | АПИ көрсеткіштері               | 4% артық емес | 0%               | 0%               | Орындалды                     |
| 3.    | Негізделген шағымдардың болмауы | 0             | 0                | 0                | Орындалды                     |

**3-мақсат : Тиімді менеджмент**

Осы стратегиялық мақсат шеңберінде негізгі міндеттер бойынша жүргізілген іс – шаралардың нәтижесінде 2 көрсеткіштің 2-де қол жеткізу байқалады, қол жеткізілмегені жоқ.

| № п/п | Атауы                                    | Жоспар | 2019 жылғы дерек | 2020 жылғы дерек | Жетістіктер туралы мәліметтер |
|-------|--|--------|------------------|------------------|-------------------------------|
| 1.    | Жұмыс орындарын компьютерлендіру деңгейі | 100%   | 100%             | 100%             | Орындалды                     |
| 2.    | Ақпараттық технологияларды дамыту        | 100%   | 100%             | 100%             | Орындалды                     |

**3 бөлім. БАСҚАРУ МЕНЕДЖМЕНТИ****3.1. Қаржылық ресурстар**

2020 жылы қаржыландыру 2 көзден, МӘСҚ және Облыстық денсаулық сақтау басқармасынан (бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі) ұсынылды. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры 2020 жылдың наурыз айынан бастап АИТВ инфекциясымен өмір сүретін адамдарға медициналық қызмет көрсетуге, халықты АИТВ инфекциясына тестілеуді өткізуге және Достық кабинетте медициналық көмек көрсетуге үш компонентті тариф ұсынды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы АИТВ инфекциясының таралуының алдын алуға бағытталған профилактикалық іс-шаралар кешенін өткізуге қаржыландыру ұсынады.



### **3.2 Ақылы қызметтер туралы**

2020 жылғы қарашадан бастап АИТВ инфекциясына тексеру бойынша ақылы қызметтер жүргізілмейді, барлығы тегін негізде.

### **4 бөлім. ПАЦИЕНТТЕР**

#### **4.1. Пациенттердің медициналық ұйымның қызметтеріне қанағаттануы. Шағымдармен жұмыс.**

Орталықта қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында кіреберісте тіркеу орны бар, онда медицина қызметкері келушінің барлық сұрақтарына түсінік бере алады. Қажет болса зерттеу, тексеруден өту үшін электрондық кезек бар. Психоәлеуметтік кеңес беру кабинетінде келуші тестілік кеңесті тексеруге дейін және одан кейін алады. Орталықтың зертханасы зерттеу жүргізеді және медициналық қызмет көрсету бойынша нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес 2 жұмыс күні ішінде нәтижелерін береді.

2020 жылы негізделген шағымдар болған жоқ.

Орталықта халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін және медицина қызметкерлерінің жұмыс орнын жақсарту үшін барлық жағдайлар қарастырылған, жұмыс орындары компьютерлік техникамен жабдықталған. Қызметкерлер мен келушілер үшін қолайлы жағдайларды жақсарту үшін дәліздерде сплит-жүйелер, тазартылған суы бар диспенсерлер, күту орындары және аулада орындықтар орнатылған.

#### **4.2. Пациенттердің қауіпсіздігі**

Медицина қызметкерлері өз жұмысында клиникалық емдеу хаттамаларына және операциялық рәсімдер стандарттарына (ОПС) сүйенеді.

#### **4.3. Тәуекелдерді басқару**

Медицина қызметкерлерінің медициналық қызмет көрсету кезінде қателіктерге жол бермеуі мақсатында Орталықтың бөлімдері арасында өзара іс-қимыл жұмыстары жүргізілуде. Қателіктердің алдын алу және болдырмау бойынша медициналық қызметкерлеріне оқыту жүргізіледі. Оқу жоспарына сәйкес медицина қызметкерлері біліктілікті арттырудан өтеді.

### **5 бөлім. КАДРЛАР. ПЕРСОНАЛДЫ ҮНТАЛАНДЫРУ МЕН ДАМУДЫҢ КЕШЕНДІ ЖҮЙЕСІ.**

#### **5.1. HR-менеджменттің тиімділігі.**

Осы мақсатқа жету үшін бірнеше негізгі міндеттер анықталды:

- Медицина мамандарын оқыту және қайта даярлау. Оқыту жыл сайын Орталықтың жоспарына және оқыту ұйымының тақырыбына сәйкес жүргізіледі;
- Жаңа технологиялар енгізілді, ұйымда "Қазмед", "ИСЛО", "ЭС" бағдарламаларының МАЖ (медициналық ақпараттық жүйелер), электрондық кезек орнатылды.

#### **5.2 Материалдық емес уәждеме, оның ішінде әлеуетті арттыру.**

Корпоративтік мәдениетті дамыту және корпоративтік құндылықтарды қолдау:

Қызметкерді жұмысқа қабылдау кезінде Орталықтың міндеттерімен және қағидаларымен таныстырады. Корпоративтік шаралар карантиндік іс-шараларды ескере отырып өткізілді.

#### **5.3 Тәуекелдерді басқару**

Басшы құрам, бөлім менгерушілері қауіпсіз еңбек жағдайлары мен өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша оқытылды, сондай-ақ жаңадан қабылданған Орталық қызметкерлерімен кіріспе нұсқама өткізілді.

2020 жылы өндірістік жарақаттану және кәсіби науқастану болған жоқ.